

Іле ауданы бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 15 маусымдағы N 5-553 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаменті Іле ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 27 маусымда N 2-10-164 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 07 желтоқсандағы N 11-1219 қаулысымен

Күші жойылды - Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2012.12.07 N 11-1219 Қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағы 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабы 5-5) және 5-6) тармақшасына сәйкес, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды әлеуметтік қорғау мақсатында, оларды жұмыспен қамтамасыз ету үшін, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Іле ауданы бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін, жұмыс орындарының жалпы санынан үш процент мөлшерде жұмыс орындарынан квота белгіленсін.

2. "Іле аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Құматаев Нұрлан Орынбасарұлы) және "Іле аудандық жұмыспен қамту орталығы" мемлекеттік мекемесі (Тлеубердин Болат Дүйсенұлы) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмаған бітірушілеріне белгіленген квота бойынша бос жұмыс орындарына жолдаманы қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасарына Тұрымбетов Ерболат Сапарұлына жүктелсін.

4. Осы қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Абдулдаев

КЕЛІСІЛДІ:

*"Іле аудандық жұмыспен
қамту және әлеуметтік
мемлекеттік мекемесінің
бастығы Құматаев Нұрлан Орынбасарұлы*

бағдарламалар бөлімі"

15 маусым 2012 жыл

*"Іле аудандық жұмыспен
қамту орталығы" мемлекеттік
Тлеубердин Болат Дүйсенұлы*

мекемесінің директоры

15 маусым 2012 жыл